

POWER



KETTLER

ГИРОСКОПТЫҚ ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ GYROSCOPIC HAND GRIP EXERCISER

KETTLER



Макс. жылдамдық:
12000 айн. /мин.
Max. spin speed:
12000 rev./ min.



Жарықбергіш
Backlight



Компьютер
Computer



Кепілдік
Warranty

Өндіруші тұтынушыға хабарлама жібермей, өнімге және нұсқаулыққа өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Дайындаушы жаттығу құрылғысын өзге мақсатта пайдалану салдарынан келтірілген залалға жауапты емес.

Назар аударыңыз!

Дұрыс емес жаттығу немесе шамадан тыс жүктеме денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Жаттығуды бастамас бұрын, сізге осы өніммен жаттығуға болатынына сенімді болу үшін дәрігермен кеңесіңіз. Өнімді тек мақсатына сай, яғни - физикалық жаттығу үшін пайдалануға болады. Өнім үйде пайдалануға арналған. Әр қолданар алдында өнімнің техникалық жарамдылығын тексеріңіз.

Сақтық шараларын сақтау керек.

1. Жаттығу құрылғысын қатты жерге лақтырмаңыз
2. Жоғары жылдамдықпен айналып тұрған роторды ұстамаңыз
3. 12 жасқа толмаған балалар жаттығу құрылғысын ересектердің қадағалауымен пайдалануы керек
4. Жаттығу құрылғысының ішіне майлы заттардың түсіп кетуіне жол бермеңіз
5. Жаттығу құрылғысының ішкі бөліктерін шаң мен ылғалдан қорғаңыз



www.kettler.de

EAC


118705
AK-250

Жаттығу құрылғысының жұмыс істеу принципі

Гироскоптық жаттығу құрылғысының жұмысы гироскоптың жұмыс істеу принципіне негізделген: гироскопқа сыртқы әсер ету күші неғұрлым көп болса, оның басқа ось бойынша кері айналу күші (жылдамдығы) соғұрлым жоғары болады. Бұл «прецессия» деп аталады. Ротордың айналу - жылдамдығымен бірге жаттығу құрылғысының қарсылық күші пропорционалды түрде артады.

Жаттығу құрылғысы қол күшінен басқа қосымша қуат көзін қажет етпейді. Ол оталдыру бауын тарту арқылы гироскоптың айналуымен іске қосылады.

Жаттығу құрылғысын іске қосу



Есептегіш функциялары

(жұмысты бастау үшін қорғаныс пленкасын шешіңіз)

Ротордың айналу санын есептегіш

Дисплейде таңба пайда болуы үшін FCN батырмасын басыңыз

Бұл функция бір сеанс ішінде ротордың басынан аяғына дейін қанша айналым жасағанын есептейді. Әр 100 айналым бір санымен тіркеледі. Мысалы, егер экрандағы нәтиже 12 болса, ротор 1200 айналым жасаған болады.

Ротордың айналу жылдамдығын өлшеу режимі

Дисплейде таңба пайда болуы үшін FCN батырмасын басыңыз

Бұл функция ротордың нақты уақыттағы айналу жылдамдығын тіркейді. Берілген мәлімет бір минутағы айналым санын көрсетеді.

Ротордың рекордтық айналу жылдамдығын тіркеу режимі

Дисплейде таңба пайда болуы үшін FCN батырмасын басыңыз

Бұл режимде есептегіш бір сеанс ішінде ротордың максималды айналу жылдамдығын тіркейді.

Ағымдағы сеанстың максималды айналу көрсеткіші ротор толық тоқтағанша экранда көрсетіледі.

1. Құрылғы білезігін білегіңізге тағып, оны тесігін жоғары қаратып алақаныңызға қойыңыз. Гироскопты бас бармағыңызбен айналдырып, оталдыру бауына арналған тесікті табыңыз.

2. Оталдыру бауының бір ұшын ротор тесігіне салыңыз. Содан кейін баудың бос ұшын екінші қолыңызбен мықтап ұстап тұрып, бас бармақпен роторды айналдыру арқылы оталдыру бауын роторға ораңыз.

3. 4–5 см бауды бос қалдырыңыз және жаттығу құрылғысын мықтап ұстап тұрып, роторға саусағыңызды тигізбей бауды бірден тартыңыз.

4. Егер оталдыру бауын айтарлықтай күшпен бірден тартсаңыз, ротор минутына ~ 3000 айналым жылдамдықпен айнала бастайды. Қолбасын баяу айналдыра отырып, жаттығу құрылғысының тесігін төмен қаратып ұстаңыз. Ротордың айналу жылдамдығын арттыру үшін қолбасын біркелкі ырғақ пен амплитудада қозғалту қажет.

Егер бұл алдыңғы сеанстардағы нәтижелерден асатын рекордтық көрсеткіш болса, ол автоматты түрде жадқа жазылады (экранда белгішесі пайда болады) және ол CLR батырмасын басу немесе жаңа рекорд орнату арқылы жойылғанға дейін сақталады.

Қол күші мен төзімділігін тексеру режимі (күш индексі)

Дисплейде таңба пайда болуы үшін FCN батырмасын басыңыз

Бұл функция ротор қозғалысы басталғаннан кейін 30, 60 не 90 секунд ішіндегі максималды айналым санын есте сақтайды. Уақыт соңғы 5 секундқа дейін кері ретпен саналады, содан кейін нәтиже дисплейде көрсетіледі. Максималды нәтижеге жету үшін жаттығу құрылғысын 30, 60 не 90 секунд ішінде максималды жылдамдықпен айналдыру қажет.

Батареяны ауыстыру

1. Жаттығу құрылғысынан есептегішті шығарыңыз
2. Ескі батареяларды алыңыз
3. Полярлықты сақтай отырып, жаңа батареяларды салыңыз